

Тараз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1116 "2009 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 648 Қаулысы.
Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қыркүйекте
93 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына сәйкес, «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 сәуірдегі Заңының 1 бабының 4) тармақшасына сәйкес, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру және қаржыландыру ережесіне» сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып, жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмысқа кеңінен тарту мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Тараз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1116 қаулысына ((нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-1-85 тіркелген, 2009 жылғы 4 ақпандағы «Жамбыл Тараз» газетінде жарияланған), Тараз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 329 «Тараз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1116 «2009 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысымен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-1-89 тіркелген, 2009 жылғы 20 мамырдағы «Жамбыл-Тараз» № 39 газетінде жарияланған)) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

2 ж о л д а ғ ы :

«13470» сандары «13717» сандарымен ауыстырылсын;

«25» сандары «60» сандарымен ауыстырылсын;

1 0 ж о л д а ғ ы :

«Арық жүйелерін санитарлық тазалау, жасыл өсімдіктерді суару және күту» сөздері «Округтар бойынша Тараз қаласы әкімінің бас инспекторларына көмек көрсету»

сөздерімен ауыстырылсын;

«120» сандары «85» сандарымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Ақтановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, осы қаулының 1 тармағындағы 4 абзацының қолданылуы 2009 жылдың 1 шілдесінен туындаған қатынастарға таралады.

Тараз қаласының әкімі

І. Тортаев